

Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасына қарасты
ШЖҚ «Қалалық перинаталдық орталық» МҚК
4/2023 Хаттамасы

Шымкент қаласы

21.12.2023 жыл

Күн тәртібінде:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары.

Төрағалық еткен:

Бас дәрігер Г.Сыздыкова

Қатысқандар:

Кәсіпорын қызметкерлері.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: Кәсіпорынның комплаенс-офицері Б.Әбен келесідей баяндама жасады:

Бұғінгі басты тақырыбымыз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу болады. 2022 жылғы 1 ақпанда еліміздің президенті **Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың** төрағалығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізілген. Аталған кеңесте денсаулық сақтау салаларындағы жемқорлықпен құресуге баса мән беру керектігі айтылды. Жауапты министрліктер мен Әкімдіктерге жемқорлықты жүйелі негізде жою жөнінде жоспар әзірлеу туралы тапсырмалар берілген. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті мен Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы бірлесе отырып, сыртқы талдау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар Кәсіпорынның басшысының 2023 жылғы 8 қыркүйекті 168 н/қ бұйрығына сәйкес, комиссия құрылышпен ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Талдаулар барысында біршама кемшіліктер анықталып, алдағы уақытта жою шаралары пысықталып жатыр.

Елімізде Денсаулық сақтау саласында, Сыбайлас жемқорлық әрекетімен жыл басынан бері біршама департаменттер мен басқарма өкілдері, Кәсіпорындардың бас дәрігерлері мен Есепшілері, бөлімше менгерушілері мен дәрігерлер пара алғып, парашуарлыққа делдал болу бойынша істі болып жатқаны бәрімізге белгілі - деп сез сөйледі.

Кәсіпорынның кадр бөлімінің басшысы А.Абдиев өз сезінде:

Жұмыстағы әріптестер арасындағы мүдделер қақтығысы және алдын алу шаралары бойынша бір шама жәлімдемелер жасалды. Сонымен қатар,

барлық жеке құрамға өз лауазымдық міндеттерін адал, жауапкершілікпен атқаруға кеңес берді.

Кәсіпорынның заң кеңесшісі М.Ережепов:

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде көрсетілген баптарымен жіті таныстырыды.

Кәсіпорын бас дәрігері Г.Сыздыкова:

Айтылған баяндамаларды тыңдай келе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша, комплаенс-қызметкеріне біршама ұсыныстар мен ескертпелер айтылды. Сөз соңында, Кәсіпорын қызметкерлерін «Жаңа жыл» мерекесімен құттықтап, тілектерін білдірді.

Комплаенс-офицер

Б.Әбен